	Құрылыс материалдарын қасиеттерін ескере отырып пайдаланады; **ҰІӘ кіріктірілген /қоршаған әлеммен таныстыру,сурет салу/**Д\о: «Менің Отаным» **Мақсаты:**Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу. **Шарты:** Отанымыз ҚР туралы әңгімелейді. Рәміздерді атайды. ҚР Туының суретін салады. **Күтілетін нәтиже:** өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады; Жеке заттарды қайталап салады. **ҰІӘ кіріктірілген /көркем әдебиет, тіл дамыту,жапсыру,мүсіндеу** Н.Әлімқұловтың «Ойыншықтар» өлеңі **Мақсаты:** Өлеңді қайталау арқылы	**негіздері,құрастыру/** Д\о: «Қанша болса сонша.» **Мақсаты.** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту. **Шарты:** Суреттегі кемелерді ретімен санау. Сонша дөңгелек суретін бояу. «Қағаз кеме» **Мақсаты.** Қағазды түрлендіруге үйрету. **Шарты:** Қағазды бүктеу арқылы кемені құрастырады. **Күтілетін нәтиже:** 5 көлемінде санай алады. Сандарды ретімен атайды.Қағаз парағын түрлендіреді. **ҰІӘ кіріктірілген /тіл дамыту, көркем әдебиет, сурет салу, мүсіндеу,/** Д\о. «Сөз ойла, тез ойла» **Мақсаты**: Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. **Шарты:** Күз мезгіліне байланысты сөздер ойлап, айтады. Тиін өлеңін жаттау. Ақ тиін-ау, ақ тиін! Сауысқаннан сақ тиін,	отырып пайдаланады; **ҰІӘ кіріктірілген /қоршаған әлеммен таныстыру ,сурет салу/** Д\о: «Бағдаршам» **Мақсаты.**бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру **Шарты:** Бағдаршамның түстерін ажыратады, қызметін түсіндіреді. Бағдаршам суретін салып бояйды. **Күтілетін нәтиже:** Жолда жүру ережелерін біледі. Әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді; **ҰІӘ кіріктірілген /көркем әдебиет, тіл дамыту,жапсыру,мүсіндеу** «Үш жолдас» әңгімесі. **Мақсаты:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу. Әңгімелерді тыңдауға үйрету. **Шарты**. Әңгімені тыңдап, мазмұнын диалог түрінде айтып береді Әңгіме желісі бойынша	**негіздері,құрастыру/** Д\о: «Ұзын қысқа» **Мақсаты.**Ұзындығы екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып ұзын-қысқа, сын есімдермен белгілеу. **Шарты:** Ленталардың ұзындығын салыстырады «Көңілді әткеншек» **Мақсаты.** Құрылыс материалдарынан құрастыру. **Шарты:** Құрастырғыш материалдардан әткеншекті құрастыру. **Күтілетін нәтиже:**екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады; Құрылыс материалдарын қасиеттерін ескере отырып пайдаланады; **ҰІӘ кіріктірілген /тіл дамыту,көркем әдебиет,мүсіндеу,жапсыру/** «Көкөністер айтысы» өлеңі. **Мақсаты:**Дауысты және дауыссыз дыбыстары дұрыс айту дағдыларын бекіту. Өлеңді тыңдай білу, қайталау арқылы жаттау тәсілін меңгерту. **Шарты.** .Көкөністермен	**таныстыру,сурет салу/** «Ойыншықтар» әнін орындау \музыка *\ **Мақсаты.**Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Топтағы сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелету. Д\о: «Қандай бөлігі жетіспейді» **Шарты**: Суреттегі ойыншықтың жетіспейтін бһлігін толықтырып салып бояу. **Күтілетін нәтиже:** Ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектеседі. Топтағы ойыншықтарға ұқыпты қарайды. **ҰІӘ кіріктірілген /көркем әдебиет, тіл дамыту,жапсыру,мүсіндеу/** **Дос туралы тақпақ:** Балдырған баламыз , досты көп табамыз Қашан да, қайда да, достар бір-біріне сенімді боламыз! **Мақсаты.** Өленді тыңдап, қайталау арқылы жаттайды. Өлең сөздерін анық айтуға тырысады. «Менің досым» тақырыбына әңгімелеу **Шарты:** Өзінің досы

	жаттату. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. «Қонжыққа арналған пирамида» ойыны **Мақсаты:** Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.Әр түрлі тәсілерді қолданып мүсіндеу. **Шарты:** Түрлі түсті құсауларды қиып көлеміне қарай ретімен жапсырады. Ермексаздан мүсіндейді. **Күтілетін нәтиже:** көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады; әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді. қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады	Жылы ұяңда жат, тиін, Жаңғағыңды шақ, тиін.**Мақсаты**: Өлеңдерді тыңдауға, кітапқа қызығушылыққа баулу «Тиін жаңғақ жинайды» қимылды ойыны. **Шарты:** Жаңғақтарды жинап, себетке салады. Тиін суретін салады. Ермексаздан жаңғақ мүсіндейді. **Күтілетін нәтиже:** Қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді. Көркем шығарманы эмоционалды қабылдайды. Жеке заттарды сала алады. Мүсіндеудің тәсілдерін қолданып мүсіндейді.	жапсыру, мүсіндеу. **Мақсаты:** Шығармашылық қиялды дамыту. Мүсіндеудің түрлі тәсілдерін қолданып мүсіндеу. **Күтілетін нәтиже:** Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды. Қайшыны дұрыс қолдана алады. Мүсіндеудің түрлі тәсілдерін қолданады.	жемістерді атын атай отырып ажыратады. Ойын:«Бақшадан көкөністер жинаймыз» **Мақсаты:**әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеу. Қайшыны дұрыс ұстауды, пайдалана білуді қалыптастыру. **Шарты:** Көкөніс түрлерін атап, Түрлі тәсілдерді қолдананып, ермексазбен мүсіндейді, қиып жапсыраады. **Күтілетін нәтиже:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады. Көркем шығарманы эмоционалды қабылдайды. Мүсіндеудің түрлі тәсілдерін қолданып мүсіндейді. Қайшыны дұрыс қолданады.	туралы айтып береді. Ойын:«Достарыма арналған үй» **Шарты:** Үйдің қандай геометриялық пішіндерден тұратынын атап, қағаздан қиып жапсырады. Ермексаздан үйді мүсіндейді. **Күтілетін нәтиже:** Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін қолданады. Өлеңді мәнерлеп жаттайды. Мүсіндеудің тәсілдерін қолданып мүсіндейді. Қайшыны қолдана алады.
2 – таңғы ас	**Асыңыз дәмді болсын!**	**Асыңыз дәмді болсын!**	**Асыңыз дәмді болсын!**	**Асыңыз дәмді болсын!**	**Асыңыз дәмді болсын!**
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу	Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді? Мақсаты:	Киімдерін ретімен киюді үйрету.	«Қуыршақ Сәуле қалай киінеді?» ойыны Мақсаты: қуыршақтың	Аяқ киімін дұрыс киюді үйрету.

		ұқыптылыққа тәрбиелеу		киіну ретін көрсету.	
Серуен	Картотека № 9	Картотека № 1	Картотека № 3	Картотека № 7	Картотека № 12
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды қадағалау.	Су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.	Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Қолды сабынмен жуу.	Түскі асқа дайындық. кезекшілердің еңбек әрекеті
Түскі ас	қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту,	«Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Сөзін айту.	Кезекшілердің жұмысы асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.
Түскі ұйқы	«Маша мен аю» ертегісі. \ қазақ тілі*\	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Әлди, әлди \ музыка *\	Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру \ қазақ тілі*\	Жәй әуен қосу Бесік жыры. \ музыка *\
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар картотека №1 \ дене тәрбиесі *\	Ұйқы ашар картотека №1 \ дене тәрбиесі *\	Ұйқы ашар картотека №1 \ дене тәрбиесі *\	Ұйқы ашар картотека №1 \ дене тәрбиесі *\	Ұйқы ашар картотека №1 \ дене тәрбиесі *\
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау	Таза және ұқыпты тамақтану.	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру.	Асты тауысып жеуге үйрету.	Алғыс айтуға үйрету.
Балалардың дербес әрекеті/ аз қимылды , үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар	«Үйшік » ертегісін сахналау. Анық және қалыпты қарқынмен сөйлеу білуді дамыту Ертегіні қолғап театры арқылы сахналайды. \қазақ тілі * \	«Тура және кері сана» Үстелдегі ойыншықтарды тура және кері бағытта санайды. \ танымдық дағды\	«Жалаушаға бұрын жет» Құрсаулардан түрлі тәсілдермен секіру арқылы жалаушаға жетеді. \ дене тәрбиесі*\	«Мен кезекшімін» Құралдар мен ойыншықтарды орнына жинайды. \ еңбек әрекеті\	«Мен суретшімін» Дәстүрден тыс тәсілді қолданып өз қалаулары бойынша сурет салады. \ шығармашылық дағды*\

Балалармен жеке жұмыс	кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтауға тапсырмалар орындату. Арыстанбек Әмина	жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қиюды үйрету. Насибулла Инабат	сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүруге үйрету. Нұрлан Омар	дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртуды үйрету. Мэлс Асылхан	қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік көрсетеді:және спорттық ойындардың ережелерін сақтауға баулу. Нұрлан Омар
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Достарына көмектесу.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.	Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.	Бақылау кезінде тәрбиешіні тыңдау
Серуен	**Ұлттық ойын** «Теңге ілу **Мақсаты:**ұлттық қимылды ойындар туралы түсінігін қалыптастру **(дене тәрбиесі*)**	**Ұлттық ойын** **Қыз қуу** **Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа , зейінді болуға, ұлттық ойындар **\денетәрбиесі*** \	**Ұлттық ойын** **«Бестемше», «Арқан тартысу» Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа , зейінді болуға тәрбиелеу. **\дене тәрбиесі ***	**Ұлттық ойын** «Тақия тастамақ» **Мақсаты:**ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. **(дене тәрбиесі *)**	**Ұлттық ойын** **«Теңге ілу»** **Мақсаты:** Құм салынған қапшықтарды шеңберге дәл түсіруге үйрету. **(дене тәрбиесі*)**
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі-15 минут** Ата аналарға арналған он кеңес.	**Өнегелі-15 минут** Кеңес. «Бала қауіпсіздігі басты міндетіміз»	**Өнегелі-15 минут** Күзгі табиғат туралы әңгімелесу	**Өнегелі-15 минут** Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері. Кеңес.	**Өнегелі-15 минут** Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру

Апта дәйексөзі:
Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.
(Абай)

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы): «Ақ ниет» балабақшасы
Топ: «Балбұлақ» ересек тобы.
Бала жасы:4 жастағы балалар
Тәрбиеші: Рахметова Р.А
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету):22.09-26.09.2025 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.09	Сейсенбі 23.09	Сәрсенбі 24.09	Бейсенбі 25.09.	Жұма 26.09
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі:** Балаларды «Балбырауын» күймен қарсы алу. \ музыка *\ **«Менің Қазақстаным»** ҚР Гимнін орындау.	**Күй күмбірі:** «Көңіл толқыны» күйін тыңдауТәрбиешінің толық аты жөнін атап сәлемдесуді үйрету.\қазақ тілі *\	**Күй күмбірі:** «Сарыарқа» күйі Балаларды жылы қабылдау. Балалар үшін жайлы жағдай жасау.	**Күй күмбірі:** «Балбырауын » күйі Балаларды жылы қабылдау. Балалар үшін жайлы жағдай жасау.	**Күй күмбірі:** «Балбырауын » күйі Балаларды жылы қабылдау. Балалар үшін жайлы жағдай жасау.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**Өнегелі 15 минут** Еңбек туралы мақал – мәтелдер жаттатуға кеңес беру. Балалардың денсаулығы туралы әңгімелесу.	**Өнегелі 15 минут** Баланы үй шаруасына араластыру арқылы еңбекке баулу туралы әңгімелесу.	**Өнегелі 15 минут** Балалардың үйдегі күн тәртібін балабақша тәртібіне сай ұйымдастыру туралы кеңес беру.	**Өнегелі 15 минут** Үйде балаңызға қандай кітаптар оқисыз?	**Өнегелі 15 минут** Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру
Балалардың дербес әрекеті/баяу, қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	«Кітап біздің досымыз» Суретті кітапшалар қарау, әңгімелеу **\қазақ тілі ***	**Қауіпсіздік ережесі.** **«Біз еңбекқор баламыз»** Балабақшадағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.	**Нейрожаттығу** «Табан ,алақан» Мақсаты: шапшаң әрекет ету дағдыларын қалыпасыру. **(танымдық дағды)**	Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау. **Жаңылтпаш жаттау.** Екі етік, екі етік, етікшіден ерек \қазақ тілі *	**Қимылды ойын** **«Қолшатыр»** **Мақсаты**: қимылды жаңылмай қайталау. Қызығушылықты арттыру. **\дене тәрбиесі***
Ертеңгілік	Таңғы жаттығу кешені № 2	Таңғы жаттығу кешені №2	Таңғы жаттығу кешені № 2	Таңғы жаттығу кешені № 2	Таңғы жаттығу кешені№2

жаттығу					
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.	Таңғы асты дайындау,көмектесуге үйрету	Өз орнын тауып отыру. Қасықты дұрыс ұстау.	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Д/о: «Айырмашылығын тап» Мақсаты: заттарды салыстыра алады, айырмашылығын әңгімелеп беру. \қазақ тілі *\	**Үстел-үсті ойыны:** «Топтастыр» Мақсаты:Суреттерді ортақ атауына байланысты топтастыра білуге үйрету. /ойыншықтар,оқуқұралдары, тағамдар/	Д/о: «Кай мамандыққа қандай құрал қажет?»Мақсаты: маманддықтарды атай алады, қажетті құралдарды тауып бере алады. **(әлеуметтік дағды)**	Амансың ба күн Амансың ба жер Амансың ба балабақшам Амансың ба достарым Қайырлы таң! \қазақ тілі *\	Қ\о: «Жерге түсірмей жалғастыр» Мақсаты: Қимыл қозғалыс белсенділігін арттыру. Шапшаңдыққа баулу. \дене тәрбиесі*\
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйым дастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлімі:**Сапқа тұрғызып,сәлемдесу. Сапта бірқалыпты, аяқтыңұшымен,тізеніжоғарыкөтеріпжүгіру,кіші және үлкен қадаммен жүгіруге үйрету. **Негізгі бөлімі:** Жалпы дамыту жаттығулары (4-кешен) Ұсақ және алшақ адым мен сапта бір-бірден және жұппен түрлі бағытта бытырап жүгіріп, 20-25см биіктіктен секіру Гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.Қауіпсіздік ережесін сақтап орындауын	**<u>Музыка</u>** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** Балалар марш екпінімен кіріп ырғақты қимылдар жасайды **Амандасу** : «Сазды сәлемдесу» (Н.Оразбаева) **Ой қозғау**: Сұрақ жауап арқылы) **Музыка тыңдау:**«Тамшылар» М.Жәутіков (музыкалық шығармаларды эмоционалды	**Дене тәрбиесі** **Кіріспебөлімі:**Сапқа тұрғызып,сәлемдесу. Сапта бірқалыпты , аяқтыңұшы мен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіруге үйрету. **Негізгі бөлімі:** 1. Жалпы дамыту жаттығулары (4-кешен) 2. Қатарға бір-бірден сапқа, шеңберге тұрып, бір орында тұрып ұзындыққа 4-6 сызықтың үстіне секіру. Сызықтар арасымен (15см ара қашықтық), сызықпен, арқанмен, тақтаймен, гимнастикалық орындықпен, бөренемен жүру. Қауіпсіздік ережесін сақтап орындауын	**<u>Музыка</u>** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** Балалар марш екпінімен кіріп ырғақты қимылдар жасайды **Амандасу** : «Сазды сәлемдесу»(Н.Оразбаева) **Ой қозғау**: (Сұрақ жауап арқылы) **Ән айту:**«Күз» әні Қ.Шілдебаев.(қайталау) (әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). **Музыкалық ырғақты**	**Дене тәрбиесі** **Кіріспебөлімі:** Сапқа тұрғызып, сәлемдесу. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секіру қимылдарымен кезектестіруге үйрету. **Негізгі бөлімі:** Жалпы дамыту жаттығулары (4-кешен) Шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша аралықтан аралыққа өрмелеуге үйрету; 8м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу. Қауіпсіздік ережесін сақтап

	қадағалау.2-3 рет қайталату. **Қ/о:**"Гимнасшылар" **Қорытынды бөлімі:** Алаңды айналып жүргізу; тыныс алу жаттығуларын орындату; релаксация; балалар мен қоштасу. **Күтілетін нәтиже:** Гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдік сақтай отырып жүре алады.	қабылдауды дамыту.) **Ән айту :**«Күз» әні Қ.Шілдебаев.(жаңа ән) (әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). **Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Сарбаздар маршы»“Күзгі орман” (музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру) **Музыкалық дидактикалық ойындар :** “Бағбаншы”, “Қандай ырғақ»	қадағалау.2-3 рет қайталату. 3. **Қ/о:**"Ара доп" **Қорытынды бөлімі:**Алаңды айналып жүргізу; тыныс алу жаттығуларын орындату; релаксация; балалар мен қоштасу. **<u>Қазақ тілі</u>** Балалар шеңбер бойымен тұрып, бір-бірлеріне жақсы тілектер айтады. 2.Ойын «Кім көп біледі?» Мазмұны: Балалардың әрбір айтқан сөз, сөйлеміне фишка беріледі. Соңында фишкалар саналып, жеңімпазды анықталады.(Мамандық түрлерін,ата-аналарының кім болып істейтінін сұрау) 3.Ойын: «Ғажайып сөздер» Ә- ә - ә - ә – ә – әәдеп-ті, әдепті. Ө -ө-ө-өөті- не-мін, өтінемін. І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-ң-і-і-з, кешіріңіз 4.Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»Суреттерге қара. Сыпайы сөздерді қай кезде айтады? 5.Сөйлем құра. 6. Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Әдептілікті данадан үйрен. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. 7.Жеке жұмыс жүргізу 8. Қорытындылау. Балаларды	**қимылдар** : «Сарбаздар маршы», «Күзгі орман» (музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру) **Музыкалық дидактикалық ойындар :** «Бағбаншы», «Қандай ырғақ» **Күтілетін нәтиже** музыка бойынша музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды) таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады.	Орындауын қадағалау. 2-3ретқайталату. **Қ/о:**"Ирелеңдеген соқпақ жол" **Қорытынды бөлімі:** Алаңды айналып жүргізу; тыныс алу жаттығуларын орындату; релаксация; балалармен қоштасу. **Күтілетін нәтиже:** Шапшаң және баяу қарқынмен жүгіре алады.

			мадақтау.		
	ҰІӘ кіріктірілген **Тіл дамыту, көркем әдебиет,** Т.Молдагалиев «Жапырақтар» өлеңі. **Мақсаты:** Өлең сөздерін тыңдап, қайталау.Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету Қыстың жақын қалғанын Жапырақтар білгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей. Жапырақтар жамырап Сайға барып бекінді Анасынан ажырап Қалған бала секілді **Д\о: «Қай ағаштың жапырағы?»** **Шарты**: Жапырақтарды өз ағаштарымен сызып қосу. **Күтілетін нәтиже**: Әңгімелеу барысында сөйлем түрлерін, қосымшаларды қолданады. Көркем шығарманы эмоционалды қабылдайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру, жапсыру, Мүсіндеу** Қ\о. «Түсіне, пішініне қарай топтастыр» **Шарты.** Жапырақтарды түсіне, пішінен қарай жинайды. **Мақсаты:** Бақылау, эксперимент және еңбек ету	**ҰІӘ кіріктірілген** **Тіл дамыту, көркем әдебиет, сурет салу.** «Ақ қоян» Л.Қыраубайқызының өлеңі. **Мақсаты:** Өлең сөздерін қатесіз анық айтуға жаттықтыру. Қоянды сипаттауда көмекші сөздерді дұрыс пайдалануға үйрету. Жеке заттардың суретін салу. Ақ қоян-ау ақ қоян Арғымақша шап қоян Озып келсең мен саған Жеңімпаз деп ат қоям. **Д\о: «Қоянға сәбізге жетуге көмектес»** **Шарты.** Сәбізге жетер жолды сызып көрсету. **Күтілетін нәтиже:** Сөйлегенде сөйлем түрлерін, қосымшаларды пайдаланыды. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды. Жеке заттардың суретін салады. **математика негіздері, жапсыру, құрастыру,**	**ҰІӘ кіріктірілген** **Тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру,жапсыру** «Бұл қай кезде болады?» Ш. Ахметовтің өлеңін оқып беру. **Мақсаты:**Күз мезгілі туралы әңгімелеу барысында Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу. Өлеңді тыңдау, қайталау арқылы жаттау Астық пісіп, орақ түсіп Қырман дәнге толады? Айтыңдаршы бөбектерім Бұл қай кезде болады? **Д/о: «Жартысын тап» ойыны** **Мақсаты**:Ойлау белсенділіктерін арттыру.Ұжымдаса жұмыстануға үйрету. Тез ойлап, шапшаң қимылдау дағдыларын қалыптастыру. **Шарты**:Жұмбақ шешуі арқылы карточкаларды біріктіріп, күз мезгілінің көрнісін құрастырып жапсыру. Коллаж. Ұжымдық жұмысты орындау. **Күтілетін нәтиже:** Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін қосымшаларды қолданады. заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; Қайшыны дұрыс қолданады.	**ҰІӘ кіріктірілген** **Тіл дамыту, көркем әдебиет, сурет салу.** І. Байжұмановаңың «Күзде» өлеңі **Мақсаты**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру дағдыларын қалып тастыру.Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Алма пісіп, , алмұрт түсіп Күзде бақтар жайнайды Құстар қайтып, қош айтысып Қимас үнмен сайрайды. «Күзгі баққа саяхат» ойыны. **Шарты.** Сурет бойынша әңгімелеу. Жеміс ағаштарынан композиция жасап сурет салу. **Күтілетін нәтиже:**Сөйлегенде сөйлем түрлерін, қосымшаларды пайдаланыды. Көркем шығармаларды эмоционалды	**ҰІӘ кіріктірілген** **Тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру, жапсыру.** «Егіс даласында» сурет бойынша әңгімелеу **Мақсаты.** Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру.Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу. «Алтын астық» Қ. Мүсіреповтың өлеңі **Мақсаты:** Өлеңді тыңдай білу. Қайталау арқылы жаттату Көктемде егін егетін Күзде жиып беретін Біздің дала –бай дала Алтын астық айнала Д/о: «Қайдан келдің бауырсақ» **Мақсаты:** Ойын арқылы нанның үлкен еңбекпен келетінін түсіндіру. **Шарты:** нанның дастарханға келу жолын сызықтар мен қосып көрсетуге арналған тапсырма беру. **Мақсаты**: Қағазды қолмен шиыршық тап домалату арқылы

	барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Қағаздардан күзгі жапырақтарды қию. Дайын пішіннің үстіне ермексазды созып жаю арқыл жапырақты мүсіндеу. Үлкейткіш лупамен жапырақтарды зерттеу. **Күтілетін нәтиже:**өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсінедіЖеке заттардың суретін салады. Қию кезінде қайшыны дұрыс қолданады. Мүсіндеудің түрлі тәсілдерін қолданып мүсіндейді.**математика негіздері, құрастыру, сурет салу,Д\о: «Жасырынған пішінді тауып, орналастыр»** **Мақсаты:**Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету; құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау. **Шарты:** 4 қатарда тізіліп тұрған пішіндердің ішінде қандай пішін жоқ соны атап орналастыру.«Менің	**«Алға, артқа» ойыны** **Мақсаты:**Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта алға-артқа, қозғалу. Қайшыны дұрыс қолдануды үйрету. Қағаз парағын түрлендіруге үйрету. **Шарты:** Қоянды жетекші сөздер арқылы кеңістікте қозғалту.Мысалы: Қоян алға қарай секірді, артқа секірді, үстел астына тығылды т,б. Д\о. «Қоянның сүйікті тағамын дайындаймыз» **Шарты:** Сәбізді қиып жапсыру. Қоянды оригами тәсілімен құрастыру. **Күтілетін нәтиже:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтайды. "оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады; қайшыны дұрыс қолданады. **Қоршаған әлеммен таныстыру, мүсіндеу.** **«**Қошақаным» әнін орындау. \ музыка *\ **Мақсаты:** Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер,	Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын атайды. **Математика негіздері, сурет салу, мүсіндеу** **Д/о: «Ретімен орналастыр»** **Мақсаты:** Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.Жеке заттардың суретін салу. Ермексаз кесектерінен әр түрлі тәсілерді қолданып мүсіндеу. **Шарты**:Берілген үлгі бойынша /саңырауқұлақ, жапырақ/карточка лардағы суреттерді кезектестіре отырып орналастыру. Саңырауқұлақтың суретін салу. Жаңғақ қабығын пайдаланып саңырауқұлақты мүсіндеу. **Күтілетін нәтиже:** Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырады. Жеке заттардың суретін салады. Ермексаз кесектерінен әр түрлі тәсілерді қолданып мүсіндейді.	қабылдайды. сюжеттік композицияларды салады әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді; **Математика негіздері, құрастыру жапсыру** **Д\о: «Түстеріне қарай топтастыр»** **Мақсаты.**Жиынның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру**.** **Шарты:** Көкөністер мен жемістерді түсіне дәміне, пішініне қарай топтастыру. **«Көкөністерді банкаға тұздаймыз»** ойын жаттығуы. **Шарты.** Көкөністерді қиып банка сұлбасына жапсыру. **«Көкөніс жинауға арналған жәшік»** **Шарты:** Қағазды түрлендіру арқылы жәшік құрастырады **Күтілетін нәтиже**: Көкөністер мен жемістердің түсін, пішін, дәмін ажыратады. Қию кезінде қайшыны дұрыс қолдана алады. Қағазды түрлендіреді. **қоршаған әлеммен таныстыру мүсіндеу, «Біздің ойын алаңымыз»** **Мақсаты:** еңбек етуге деген оң көзқарасын	ұсақ қол мотрикаларын дамыту. **Шарты:** қағаздан бидай масағын құрастырып, жапсыру **Математика негіздері, сурет салу, мүсіндеу.** **Д/о:«Салыстыр»** **Мақсаты:** Ұзындығы екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып ұзын-қысқа, сын есімдермен белгілеу. **Шарты:** Ұзын қысқа жолақтарды бір бірінің үстіне қою әдісімен салыстыру. **«Алтын дән»** **Мақсаты:**Мақта таяқшаларын пайдаланып бидай масағының суретін салу жолдарын түсіндіру. Ермексазды домалату әдісімен бидай масағын мүсіндеу. **Күтілетін нәтиже**: Екі затты ұзындығы бойынша салыстырады. Жеке заттардың суретін салады. Мүсіндеудің тәсілдерін қолданып мүсіндейді.

	қиялымдағы ғимарат» **Шарты:** Құрылыс бөлшектерінен өз ойларынан құрастыру. Суретін салу. **Күтілетін нәтиже:** геометриялық пішіндерді ажыратады, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды; Затқа қарап сурет салады.	қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Қойдың төлі қошақан туралы әңгімелеу. Мүсіндеудің тәсілдерін қолданып қошақанды мүсіндеу. Д\о: «Енесімен сызып қос» **Шарты.** Үй жануарларының төлдерін енесімен сызып қосады. **Күтілетін нәтиже:** жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі; жануарларға күтім жасаудың қарапайым әдістерін біледі. мүсіндеуде қысу, тарту, басу тәсілдерін қолданады.		тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. **Шарты:** Ойын алаңын таза ұстау, ересектерге көмектесу. Ойын алаңындағы әткеншекті мүсіндеу. **Күтілетін нәтиже:** еңбек етуге қызығушылық танытады; тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады; бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді; мүсіндеудің түрлі тәсілдерін қолданып мүсіндейді.	
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу.	Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді? Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу	Киімдерін ретімен киюді үйрету.	«Қуыршақ Сәуле қалай киінеді?»ойыны Мақсаты:қуыршақтың киіну ретін көрсету.	Аяқ киімін дұрыс киюді үйрету.
Серуен	Картотека № 11	Картотека № 25	Картотека № 9	Картотека № 13	Картотека № 14
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды қадағалау.	Лас болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.	Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Қолды сабынмен жуу.	Түскі асқа дайындық.

Түскі ас	Тамақты асықпай, ұқыпты ішуге дағдыландыру. **Үнемді тұтыну:** Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмейміз. (Сөйлеуді дамыту)	Тамақтану мәдениеті. Үстел басында түзу отыру. **Үнемді тұтыну:** «Судың да сұрауы бар» Жуыну кезінде суды үнемді пайдалануды үйрету.	Тамақтану мәдениеті. Қағаз майлықты пайдалануға үйрету. **Үнемді тұтыну:** Нан қиқымын шашпаңдар жерде жатса баспаңдар теріп алып қастерлеп торғайларға тастаңдар Нанды ысырап жасамауға тәрбиелеу	Тамақты асықпай, ұқыпты ішуге дағдыландыру. **Үнемді тұтыну:** Сымға жалғанып сыммен бойлайды Ол келсе шам жанып Үй іші жайнайды. \Электр тоғы\ Бөлме шамын сөндіріп жүруге үйрету.	Тамақтану мәдениеті: Қасықты дұрыс ұстау. **Үнемді тұтыну:** Тамақтану мәдениеті: Қасықты дұрыс ұстау.Тағамды төкпей мұқият ішіп тауысу.
Күндізгі ұйқы	Аудио ертегі тыңдату. **\қазақ тілі ***	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Әлди әлди **\Музыка ***	Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру **\қазақ тілі ***	Жәй әуен қосу. Бесік жыры **\Музыка ***
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар картотека №4 \дене тәрбиесі*\	Ұйқы ашар картотека №4 \дене тәрбиесі*\	Ұйқы ашар картотека №4 \дене тәрбиесі*\	Ұйқы ашар картотека №4 \дене тәрбиесі*\	Ұйқы ашар картотека №4 \дене тәрбиесі*\
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) **(еңбек әрекеті)**	Таза және ұқыпты тамақтану	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру	Асты тауысып жеуге үйрету.	Алғыс айтуға үйрету.
Балалардыңдербе с әрекеті/ аз қимылды , үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар	**Ұлттық ойын- ұлт қазынсы** «Тоғызқұмалақ», **Мақсаты:**ұлттық қимылды ойындар туралы түсінігін қалыптастру (дене тәрбиесі)	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Бестемше: «Дарабоз»** **Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа , зейінді болуға, ұлттық ойындарға (дене тәрбиесі)	«Менің сүйікті ойыншығым» – әңгімелеу, сурет салу.	«Күзкелді»әні. **Мақсаты:** Әнді қайталауарқылы жаттайды.Музыкасымен орындайды. **\музыка ***	**Ұлттық ойын- ұлт қазынсы** «Ханталапай», **Мақсаты:**ұлттық қимылды ойындар туралы түсінігін қалыптастру (дене тәрбиесі)

Балалармен жеке жұмыс	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға, белгілі дыбысқа ауызша сөздер табуға үйрету. Байсейтова Инкар	қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді танып, сурет салуда қолдануға үйрету. Насибулла Инабат	өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтуға үйрету. Санамақ жаттату. Мэлс Асылхан	бірнеше бөліктерден тұратын заттарды қағаз бетіне орналастырып желімдеуге үйрету. Насибулла Инабат	доптарды тура бағытта домалатып заттарды қашықтыққа лақтыруға үйрету. Нұрлан Омар
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)**	Достарына көмектесу.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.	Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.	Бақылау кезінде тәрбиешіні тыңдау
Серуен	**Қимылды ойын:** **«Күн мен бұлт»** Мақсаты:Қимыл белсенділіктерін дамттыу.. (дене тәрбиесі*)	**Қимылды ойын:** **«Үйқыдағы аю»** Мақсаты:Тезқимылдапе пті қимылдауға баулу. \дене тәрбиесі*\	**Ұлттық ойын:** «Асық ату» Мақсаты: Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Мергендікке баулу. \дене тәрбиесі*\	**Ұлттық ойын:** «Ақ серек көк серек» Мақсаты: Қимыл қозғалыс белсенділігін арттыру. \дене тәрбиесі*\ Аула тазалаушыға көмектесіп қол ұшын беру.	**Спорттық ойын** **«Дәл түсір»** **Мақсаты:** Құм салынған қапшықтардышеңбе ргедәл түсіруге үйрету. \дене тәрбиесі*\
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың денсаулықтарын қадағалау.	«Бала үйде жалғыз қалғанда…» кеңес.	Күзгі табиғат көрінісі. Сурет салып келу.	Балаға ертегі оқып берудің тәрбиелік мәні туралы кеңес.	Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру

Апта дәйексөзі:
Ежелден ел тілегі – ер тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі!
(Б.Момышұлы)

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы): «Ақ ниет» балабақшасы
Топ: «Балбұлақ» ересек тобы.
Бала жасы:4 жастағы балалар
Тәрбиеші:Бектасова А.Е
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету):29.09- 03.10 .2025жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.09	Сейсенбі 30 .09	Сәрсенбі 01.10	Бейсенбі 02. 10	Жұма 03. 10
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі:«Ақсақ құлан»** күйімен қарсы алу. **Менің Қазақстаным!** ҚР Гимнін орындау \ музыка* \	**Күй күмбірі:** **«Ақсақ құлан»** күйімен қарсы алу. Тәрбиешінің толық аты жөнін атап сәлемдесуді үйрету. \ қазақ тілі *\	**Күй күмбірі:** **«Ақсақ құлан»** күйімен қарсы алу Баланың көңіл күйі мен жеке пікірін білу.	**Күй күмбірі:** **«Ақсақ құлан»** күйімен қарсы алу. Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Не қызықтыратынын туралы әңгімеге тарту	**Күй күмбірі:** **«Ақсақ құлан»** күйімен қарсы алу Баланың көңіл күйі мен жеке пікірін білу.
Ата аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың үйдегі күн тәртібін балабақша тәртібіне сай ұйымдастыру туралы кеңес беру.	Күз мезгіліне байланысты бала денсаулығын нығайту туралы кеңестер беру.	Балалардың үйдегі күн тәртібі туралы әңгімелесу.	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіруге кеңес беру.	Балалардың көңіл күйі денсаулығы туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті/ аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар	Нейрожаттығу «Табан мен алақан» Мақсаты:миды жаттықтыру **(танымдық дағды)**	**Қимылды ойын «Қолшатыр»** **Мақсаты**: қимылды жаңылмай қайталау.Қызығушылықты арттыру. **\ дене тәрбиесі ***	Нейрожаттығу «Әуенмен жаңылыспай жаса» Мақсаты:миды жаттықтыру **(музыка)**	**Қауіпсіздік ережесі:** Елутентектып-тыныш, Бірсарайдажатады. Тысқашықсабіреуі, Жарқетіп от шашады. Сіріңкенің қауіпті және пайдалы жағын түсіндіру.	Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау. Жаңылтпаш жаттау. Ақ шар бар, Көк шар бар, Көп шар бар. \ Қазақ тілі*\
Ертеңгілік	**Жаттығу кешені №3**	**Жаттығу кешені№3**	**Жаттығу кешені№3**	**Жаттығу кешені№3**	**Жаттығу кешені№3**

жаттығу					
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.	Тамақтану мәдинеті. Үстел басында түзу отыру.	Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтану.	Қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту	Тамақтану мәдинеті. Үстел басында түзу отыру.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	До: \ « Жиһаздарды ата» Мақсаты: Сурет бойынша жиһаз түрлерін атау қызметін түсіндіру \қазақ тілі *\	Қ\о: «Жерге түсірмей жалғастыр» Мақсаты: Қимыл қозғалыс белсенділігін арттыру. \дене тәрбиесі*\	Д\о: « Жалпы атауын ата» (кесе, қасық т.б.-ыдыс-аяқ) (алма, алмұрт, т.б.-жемістер) Мақсаты: заттарды жалпылауыш сөздермен атау. \қазақ тілі *\	«Әуенді тап» ойыны. Мақсаты: таныс әндердің әуенін табу \ музыка *\	Қ\о: «Жалаушаға бұрын жет» Мақсаты. Қимыл қозғалыс белсенділігін арттыру. \дене тәрбиесң *\
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	**Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлімі:**Сапқа тұрғызып,сәлемдесу. Сапта бірқалыпты, аяқтыңұшымен,тізені жоғарыкөтеріпжүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіруге үйрету. **Негізгі бөлімі:** Жалпы дамыту жаттығулары (4-кешен) Ұсақ және алшақ адым мен сапта бір-бірден және жұппен түрлі бағытта бытырап жүгіріп, 20-25см биіктіктен секіру Гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. Қауіпсіздік ережесін	**Музыка** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** Балалар марш екпінімен кіріп ырғақты қимылдар жасайды **Амандасу**: «Сазды сәлемдесу» (Н.Оразбаева) **Ой қозғау**: (Сұрақ жауап арқылы) **Музыка тыңдау** : «Жеміс бағында» Ж.Қалжанова (музыканы тыңдау мәдениетін сақтау) **Дауыс жаттықтыру** : “Жапырақ” **Ән айту**: «Күз» әні	**Дене тәрбиесі** **Кіріспебөлімі:**Сапқа тұрғызып,сәлемдесу. Сапта бірқалыпты , аяқтыңұшы мен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіруге үйрету. **Негізгі бөлімі:** Жалпы дамыту жаттығулары (4-кешен) Қатарға бір-бірден сапқа, шеңберге тұрып,бір орында тұрып ұзындыққа 4-6 сызықтың үстіне секіру. Сызықтар арасымен (15смарақашықтық), сызықпен, арқанмен, тақтаймен, гимнастикалық орындықпен, бөренемен жүру. Қауіпсіздік ережесін сақтап орындауын қадағалау.2-3 рет қайталату. 4. **Қ/о:"Ара доп"**	**Музыка** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** Балалар марш екпінімен кіріп ырғақты қимылдар жасайды **Амандасу** : «Сазды сәлемдесу»(Н.Оразбаева) **Ой қозғау**: (Сұрақ жауап арқылы) ***Ұйымдастыру кезеңі.*** Балалар марш екпінімен кіріп ырғақты қимылдар жасайды **Амандасу** : «Сазды сәлемдесу» (Н.Оразбаева) **Ой қозғау**: Сұрақ жауап арқылы **Музыка тыңдау** : «Жеміс бағында» Ж.Қалжанова	**Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлімі:** Сапқа тұрғызып, сәлемдесу. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секіру қимылдарымен кезектестіруге үйрету. **Негізгі бөлімі:** Жалпы дамыту жаттығулары (4-кешен) Шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша аралықтан аралыққа өрмелеуге үйрету; 8м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу Қауіпсіздік ережесін сақтап орындауын қадағалау. 2-3 рет қайталату.

	сақтап орындауын қадағалау. 2-3 рет қайталату. **Қ/о:"Гимнасшылар"** **Қорытынды бөлімі:** Алаңды айналып жүргізу; тыныс алу жаттығуларын орындату; релаксация; балалар мен қоштасу. **Күтілетін нәтиже:** Гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдік сақтай отырып жүре алады.	Қ.Шілдебаев(жаңа ән) (қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту) **Музыкалық ырғақты қимыл**:"Күзгі орман", «Диірмен». **Музыкалық дидактикалық ойын: «**Қанша жапырақ» "Бағбан мен қарақшы (қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру)	**Қорытынды бөлімі:**Алаңды айналып жүргізу; тыныс алу жаттығуларын орындату; релаксация; балалар мен қоштасу. **<u>Қазақ тілі</u>** 1. Ойын «Кім көп біледі?» – Қандай мамандықтарды білесіңдер? (Ғарышкер, құрылысшы, сатушы, дәрігер). – Балабақшада кімдер жұмыс істейді? (Тәрбиеші, аспаз, мейірбике т.б) – Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. Сенің әкең кім болып жұмыс істейді? 2.Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік. 3.Ойын: «Ғажайып сөздер» 4.Дыбыстық жаттығу. 5.Дидактикалық ойын: «Не деу керек?» 6.Суреттерге қара. Сыпайы сөздерді қай кезде айтады? 7.Сөйлем құра. 8. Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Әдептілікті данадан үйрен. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. 9.Жеке жұмыс жүргізу 10.Қорытындылау. Балаларды мадақтау.	Дауыс жаттықтыру : “Жапырақ” **Ән айту**: «Күз» әні Қ.Шілдебаев(жаңа ән) (Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту) **Музыкалық ырғақты қимыл**: “Күзгі орман”, «Диірмен». **Музыкалық дидактикалық ойын: “**Қанша жапырақ” «Бағбан мен қарақшы» (қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру),	**Қ/о:** "Ирелеңдеген соқпақ жол" **Қорытынды бөлімі:** Алаңды айналып жүргізу; тыныс алу жаттығуларын орындату; релаксация; балалармен қоштасу. **Күтілетін нәтиже:** Шапшаң және баяу қарқынмен жүгіре алады.
	ҰІӘ кіріктірілген /математика негіздері, құрастыру/ Д\о: «Қандай пішін жоғалды?» **Мақсаты:**Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету; **Шарты:** Пішіндерді бір	**ҰІӘ кіріктірілген /тіл дамыту, көркем әдебиет, мүсіндеу/ «Егістік» сурет бойынша әңгіме** **Мақсаты:** Сурет бойынша әңгімелеу барысында сөз таптарын қолданып**,**	**ҰІӘ кіріктірілген /математика негіздері, құрастыру/** Д\о: : «Қанша болса, сонша» Мақсаты: 5 көлемінде санау дағдыларын қалыптастыру Шарты. Ойыншықтар мен дөңгелектердің санын салыстыру. Қанша ойыншық	**ҰІӘ кіріктірілген / тіл дамыту, көркем әдебиет, мүсіндеу/** Көкөністер туралы жұмбақтар **Мақсаты**:Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.	**ҰІӘ кіріктірілген /математика негіздері, құрастыру**\ «Салыстыр» ойыны **Мақсаты:** Екі затты салыстыру **Шарты:** Бөлмедегі заттарды салыстырады. Мыс: Үлкен кішілігін,

	көріп алып, жасырылған пішінді табу. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қ\о: «Балықтар» **Шарты.** Геометриялық пішіндерден балық бейнесін құрастыру **Күтілетін нәтиже:** Геомериялық пішіндерді ажыратады және атайды. заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; **ҰІӘ кіріктірілген /көркем әдебиет, жапсыру, мүсіндеу** **Т.Молдагалиев «Жапырақтар» өлеңі** **Мақсаты:** өлеңнің сөздерін тыңдай білуге дағдыландыру. Қайталау арқылы жаттату «Күзгі жапырақтарды жинаймыз» ойыны. **Мақсаты:**түрлі түсті қағаздан жапырақтарды қиып жапсыру,қайшыны дұрыс қолдану ермексаздан түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндеу. **Күтілетін нәтиже:** Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды. Қайшыны дұрыс қолданады. Түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндейді. **ҰІӘ кіріктірілген**	байланыстырып сөйлеуге үйрету. Мақал мәтелдер жаттау. Жердің сәні — Егін, Ердің сәні — Білім. Арпа, бидай — Ас екен, Алтын, күміс — Тас екен. Жеріне қарай, егін ек, Жолына қарай жегін жек. **«Қоян шықты серуенге» ойыны** **Шарты:** көкөністермен жемістерді бір –бірінен ажырату. Қоянды мүсіндеудің тәсіллерін қолданып мүсіндеу. **Күтілетін нәтиже:** Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін, қосымшаларды қолданады. Мүсіндеудің тәсілдерін қолданып мүсіндейді. **ҰІӘ кіріктірілген /математика негіздері,құрастыру/** «Алға, артқа» **Мақсаты.**Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта алға-артқа, қозғалу. **Шарты:** Бөлме ортасында тұрып белгі бойынша алға, артқа қозғалу. «Түлкі»оригами әдісі **Мақсаты:** қағаздан құрастыруға үйрету.	болса сонша дөңгелек суретін салу. «Ойыншықтарға арналған сөре» ойыны Мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, Шарты: құрылыс материалдарынан сөре құрастыру. **Күтілетін нәтиже:** 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды; заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; **ҰІӘ кіріктірілген /көркем әдебиет, тіл дамыту, жапсыру/** **Д\о: «Сиқырлы сандық»** **Мақсаты:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. **Шарты.** Сандықтан алынған заттарды сипаттау, неге қажеттілігін әңгімелеу. **«Кім тапқыр» ойыны** **Шарты:** Балалардың жаттаған өлеңінің екі жолын оқу, балалар жалғастырып кетеді. **Ғ.Мүсірепов «Алтын астық» өлеңі** **Мақсаты:** Өлеңдерді тыңдауға жатқа айтуға қызығушылықтарын арттыру **«Алтын дән»** **Мақсаты:** Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қию арқылы	Жұмбақтарды шешуге қызығушылықтарын арттыру. Жасыл ала дөңгелек, Бақшада жатыр дөңгелеп (қарбыз) Сап - сары боп түзде жатыр, Ішінде ұрық жүздеп жатыр. (қауын) Қауын мен қарбызды сипаттау. Ермексаздан әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. **Күтілетін нәтиже:**қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді; Сипаттау кезінде сын есімдер мен етістіктерді қолданып әңгімелейді. әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді. **ҰІӘ кіріктірілген /математика негіздері,құрастыру/** Д\о: «Түрлі түсті ленталар» **Мақсаты:**Ұзындығы екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып ұзын-қысқа, сын есімдермен белгілеу. **Шарты:** Ленталарды бірінің үстіне бірін қою арқылы салыстыру. «Ұзын және қысқа жолдар» **Мақсаты:** Құрылыс материалдарынан құрастыру **Шарты:** :құрастырғыш материалдардан жолдар құрастыру, Жолмен машиналарды жүргізіп ойнау. **Күтілетін нәтиже**:екі затты ұзындығы бойынша салыстырады. құрылыс	ұзындығын, алыс-жақындығын, жуан жіңішкелігін, биіктігін. «Сиқырлы сандар» ойыны. **Шарты.** Лего бөлшектерінен үлгі бойынша цифрларды құрастыру. **Күтілетін нәтиже:**екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды; **ҰІӘ кіріктірілген /көркем әдебиет, жапсыру, мүсіндеу/** М.Төрежановтың «Адал дос» әңгімесі **Мақсаты**:Әңгімелерді тыңдауға, кітапқа қызығушылыққа баулу. «Қошақаным» әнін тыңдату, орындату. \ музыка *\ Мақсаты. Шығармашылық қабілеттерін арттыру. «Бұйра қошақан» **Шарты:** Қошақанның суретінің ортасын қиып алып, сол қиылып қалған жерге мақтаны жапсыру . Қошақан бейнесін мүсіндеу. **Күтілетін нәтиже:** Көркем шығармаларды эмоционалды

	/қоршаған әлеммен таныстыру,сурет салу, тіл дамыту/ Телефонмын тілім жоқ , Бірақ, маған тыным жоқ: Сағынысқан жүректерді жалғаймын, Алып ұшқан тілектер боп самғаймын. **Мақсаты:** Сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету. Жаттау. **«Телефон»ойыны** **Мақсаты:** Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік және байланыс құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. **Шарты:** Бір сөзді жанында отырған баланың құлағына сыбырлап айту. Телефон суретін салу. **Күтілетін нәтиже:** Байланыс құралдарын атайды. Дыбыстарды анық айтады. Жеке заттардың суретін салады.	Бүктеу тәсіллерін көрсту. **ҰІӘ кіріктірілген қоршаған әлеммен таныстыру ,сурет салу, жапсыру** **«Бағдаршам» ойыны** **Мақсаты.** бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру **Шарты:** жол жүру ережелерін үйрету. Балаларды бір-бірден бағдаршам түстерін көрсете отырып жолдан өтуге үйрету. **«Бағдаршам» суретін салу** **Мақсаты:**дөңгелек пішінді заттарды салуды үйрету Бағдаршамның көздерін қиып жапсыру. **Күтілетін нәтиже:** жолда жүру ережелерін біледі. Жеке заттардың суретін салады. Қайшымен жұмыс жасай алады.	бидай масақтарын жапсыру. **Күтілетін нәтиже:**тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді; Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды. Қайшыны дұрыс ұстап, ұзын және қысқа жолақтарды қия алады **ҰІӘ кіріктірілген қоршаған әлеммен таныстыру,сурет салу,мүсіндеу.** **«Күн мен жаңбыр»** қимылды ойыны. **Мақсаты:** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр,) кеңейту **«Жаңбырлы күн»** **Мақсаты**: Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. **Шарты:** Сюжетті сурет салу,кейбір элементтерін ермексазбен толықтыру. **Күтілетін нәтиже:** Табиғат құбылыстарын ажырата алады. Сюжеттік композицияларды салады. Мүсіндеудің жағу тәсілін қолданады.	материалдарын қасиеттерін ескере отырып пайдаланады; **/қоршаған әлеммен таныстыру сурет салу,жапсыру/** **«Үй құстары қалай дыбыстайды?»ойыны** **Мақсаты:**Жануарлар, құстар оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейтуқұстардың дыбыстарын ажырату Құс қанатын қақты , Біздің ауыл жақты. Ұя жасап жайлы, Балапанын бақты. «Балапан» сурет салу, жапсыру **Мақсаты:**жеке заттарды қайталап салуды үйрету.Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. **Шарты.** Балапан суретін үлгіге қарап қайталап салу.геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, балапанды жапсыру. **Күтілетін нәтиже:** құстар мен жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі; Жеке заттардың суретін қайталап салады. Қайшыны дұрыс қолданады.	қабылдайды. Қайшыны дұрыс ұстайды және қолданады. Мүсіндеудің түрлі тәсілдерін қолданады. **ҰІӘ кіріктірілген /қоршаған әлеммен таныстыру,сурет салу, тіл дамыту/** **«Кім тапқыр» ойыны** **Мақсаты.**Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу. Жануарларға күтім жасаудың қарапайым әдістерін үйрету. **Шарты:** Төрт-тулік малдың төлдерінің суреті беріледі. Балалар тез тауып, сол жануар жайлы әңгімелейді, сипаттайды, дауысын салады. Қалай күтім жасайтынын айтады. Тентек болма , ақ бұзау, Еріншек болма , ақ бұзау. Кең далада сенімен, Жарысып мен жүгірем. \ өлең жолдарын қайталату\ Бұзаудың суретін қайталап салу, бояту. **Күтілетін нәтиже:**бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырады; жануарларға күтім жасаудың қарапайым

					әдістерін біледі. Жеке заттарды қайталап салады.
2 – таңғы ас	**Асыныз дәмді болсын!**	**Асыныз дәмді болсын!**	**Асыныз дәмді болсын!**	**Асыныз дәмді болсын!**	**Асыныз дәмді болсын!**
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу . Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді? Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу	Өз өзіне қызмет көрсету. Киімдерін ретімен киюін қадағалау.	Киімдерін ретімен кию, Бір біріне көмектесу.	Киіну ,серуенге қажетті құралдарды алып шығу.	Өз өзіне қызмет көрсету. Киімдерін ретімен киюін қадағалау.
Серуен	Картотека № 13	Картотека №9	Картотека № 4	Картотека №12	Картотека №7
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Қолдарын жуғызу.	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту.	Орамалды ілу көркем сөз қолдану, Мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»	Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуге, іогішке ілуге үйрету.
Түскі ас	**Үнемді тұтыну:** «Судың да сұрауы бар» Сылдырлайды мөлдір су мөлдір суға қолың жу. Жуынсаң сен әрдайым таза бетің маңдайың. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	**Үнемді тұтыну:** Нан қиқымын шашпаңдар жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп. Торғайларға тастаңдар. Тамақтану мәдинеті. Үстел басында түзу отыру.	**Үнемді тұтыну:** Қағаз майлықты үнемді пайдалануға үйрету. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)	**Үнемді тұтыну:** Тамақты асықпай, төкпей шашпай ұқыпты ішуге дағдыландыру. Тамақтану мәдинеті. Қасықты дұрыс ұстау.	**Үнемді тұтыну:** Жуыну бөлмесінің шамын өшіріп жүруге үйрету. Асыныз дәмді болсын! Тамақтан киін алғыс айту.
Түскі ұйқы	«Қотыр торғай» ертегісін оқып беру. \қазақ тілі *	Бесік жыры \музыка *\	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Әлди әлди \музыка *\	«Арыстан мен тышқан» ертегісін оқып беру \қазақ тілі *\

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Картотека №13 Ұйқыашар жаттығуларын орындату. \дене тәрбиесі *\	Картотека №13 Ұйқыашар жаттығуларын орындату. \дене тәрбиесі *\	Картотека №13 Ұйқыашар жаттығуларын орындату. \дене тәрбиесі *\	Картотека №13 Ұйқыашар жаттығуларын орындату. \дене тәрбиесі *\	Картотека №13 Ұйқыашар жаттығуларын орындату. \дене тәрбиесі *\
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)	Тамақты асықпай ішуге дағдыландырылу.	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.	(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	Тамақты асықпай ішуге дағдыландыру.
Балалардың дербес әрекеті/ аз қимылды , үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар.	«Біз біргеміз» ойыны **Шарты:** Балаларға үлкен плакатқа саңырауқұлақ суреті беріледі. Сол суретті боялған дәнді дақылдарды желіммен жапсыра отырып безендіру. Ұжыммен бірлесіп жұмыс жасауға қалыптастыру.	“Кім тапқыр» ойыны **Шарты:** Балаларға жұмбақтар жасырылады Шешуін тез әрі дұрыс табу керек. \қазақ тілі *	«Ертегілер елінде » ойыны **Шарты:** Ертегілердің суреттері көрсетіледі, балалар бір қарағаннан қандай ертегі екенін табу қажет. \қазақ тілі *	«Кім жылдам ойыны » ойыны . **Шарты** : Бір аяқпен секіріп келіп суреттерді өз ұяшығына орналастыру. \дене тәрбиесі *\	«Бөлме өсімдіктеріне қамқорлық» **Шарты:** Бөлме өсімдіктерін суару, жапырақ шаңын сүрту, топырағын қопсыту. \еңбек әрекеті\
